И - леп қой-ған нан - да - йын, Ер-тең ер - те тұ - ру жоқ. Бе - ті-қол-ды жу - у жоқ,

Бел - ді қым-тай бу - у жоқ. Бір ба - ла - сы қой-нын-да, Түс-ке ше-йін жа - та - ды.

Са-на-сыз бол - са, сал да-йын, Ек - пін ай-тып ті - л(i)ұ-зын. Ері-нен сө-зін оз - ды-рар,

От-тың ба-сын ой-ран-дап, Бә-ле - кет - ті қоз-ды-рар. Жиын-ға ки - ер ша - па-нын,

О - тын су - мен тоз - ды - рар, ей. И - ги - гай - гик - қай,

и - ги-гай - гик - қай, И - ги - ги - ги - ги - ги - ги - ги, гик-қай-гай - ай.

Алма мойын, аршын төс,
 Сұлу болса алғаның,
 Шырын шекер балдайын,
 Балдың дәмі татиды.
 Еркектің білсе мән жайын,
 Майысып белі бұралған.
 Майда қатқан таңдайын,
 Жарқын жүзі жайдары,
 Сарайда жанған шамдайын.
 Жайсыз болса алғаның
 Жайма төсек жадағай.
 Илеп қойған нандайын,
 Ертең ерте тұру жоқ.
 Беті-қолды жуу жоқ,
 Белді қымтай буу жоқ.
 Бір баласы қойнында,
 Түске шейін жатады.
 Санасыз болса, сал дайын,
 Екпін айтып тілі ұзын,
 Ерінен сөзін оздырар.
 Оттың басын ойрандап,
 Бәлекетті қоздырар.

Жиынға киер шапанын,
 Отын – сумен тоздырар.

Отырарға жер таппай,
 Отының басы шаң-шаң боп.
 Сәлде, балақ салдырлап,
 Мал байлауға арқан жоқ.
 Баласы жатыр бақырып,
 Шыны аяқ-шәйнек талқан боп.
 «Бері қара, байым» - деп,
 «Құрып қалғыр таусылды,
 Әкелген қант-шайың» - деп.
 Бай айтады әйелге:
 «Не дейсің маған, айым?» - деп.
 «Қайда кетті антұрған,
 Жаздай жиған майың?» - деп.
 «Майыңды сенің жеп кетті,
 Қайдағы жақын байың кеп,
 Үстіңнен түссем бір күні,
 Табылар сенің жайың» - деп.
 «Бұзылғалы жүрмісің,
 Бұл мінезді қойғын» - деп.

«Бұл мінезді қоймасаң,
Бір күні болар ойын» - деп.
«Басқа жақта жүр екен,
Бәлелі сенің ойың» - деп.
«Тастамасаң мұныңды,
Басыңа тиер сойыл» - деп.

Жақсы болса алғаның,
Аздың үйі молмен тең.
Жарқын жүзді жайдары,
Бұл дүниесі көлмен тең.
Есебін тауып әрненің,
Есігің болар төрмен тең.

Шалтабай Алпарұлы Шалтабай Алпарулы Shaltabai Alparuly

Әндерінің көбі күрескерлік рухқа толы ақын-композитор **Шалтабай Алпарұлы** шамамен, 1830-1900 жылдар аралығында өмір сүрген. Туған жері – Кеген ауданының Қарқара жайлауы. «Жетісу әуендері» жинағы мен Сағатбек Медеубекұлы мен белгілі әнші Рамазан Стамғазиевтің интернет желісінде берген мақаласындағы ақпарат бойынша, Шалтабай Алпарұлы – орыс патшасының отаршылдық саясатына қарсы күрескен өз заманының батыры. Үш жүз жігіт жасақтап, патша үкіметіне қарсы астыртын шабуылдар ұйымдастырған. Итжеккеннен еліне оралып, күрес жолын қайта бастайды. Алайда сенімді адам жинай алмай, қырғызға қудаланады. Әнші Тілеулес Құрманғалиев Шалтабай мұраларын сақтап, жеткізуші Тілектес Намазбаев ақсақалдан бір нұсқа жазып алып, кезінде диплом жұмысына қосқан, кейінірек те репертуарына енгізген. Әрине, ол әндердің табиғатынан гөрі Шалтабайды әншілік композиторлық биікке көтерген «Жетісу әуендері» жинағындағы ән – бағалауға, саралауға, Хантәңірі баурайындағы әншілік-композиторлық дәстүрді айқындауға мүмкіндік беретін шығарма. Шалтабай туралы мәліметтер мен оның өлеңдерін алғаш хатқа түсірген – Илияс Жансүгіров.

Поэт и композитор **Шалтабай Алпарулы**, чьи песни полны духом борьбы жил примерно в 1830-1900 годах. Место рождения – жайлау Каркара Кегенского района. По сведениям, взятым из сборника «Жетысу ауендери», а так же из статьи Сагатбека Медеубекұлы и известного певца Рамазана Стамгазиева в сети интернет, Шалтабай Алпарулы – герой своего времени, который боролся против колониальной политики русского царя. Триста парней организовывали подпольные атаки против царского правительства под предводительством Шалтабая Алпарулы. После возвращения на родину из ссылки в Сибирь, он снова начинает борьбу. Однако, не собрав надежных людей, уходит к кыргызам. Певец Тлеулес Курманғалиев сохранил наследие Шалтабая: записав один из вариантов от аксакала Тлектеса Намазбаева, добавил в дипломную работу, позже включил в свой исполнительский репертуар. Песня «Менын атым Шалтабай» возвысила Шалтабая как композитора-песенника, она так же позволяет не только оценить и проанализировать творчество самого Шалтабая Апарулы, но и выявить песенную традицию всего региона, раскинувшего свои объятия у подножия Хантенгри. Первые сведения о поэте-композиторе, а так же первые записи его песен были сделаны Ильясом Жансугуровым.

Shaltabai Alparuly was a poet and composer whose songs describe the struggles of the Kazakh people between 1830-1900. He was born in Karkara jailau in the Kegen region.

According to the information taken from the collection «Zhetisu auenderi» (Almaty: Oner, 1998), as well as from the article by Sagatbek Medeubekuly and the famous singer Ramazan Stangazyev on the Internet, Shaltabai Alparuly was a hero of his time who fought against the colonial policy of the Russian tsar. Three hundred men organized underground attacks against the tsarist government under the leadership of Shaltabai Alparuly. After returning to his homeland from an exile in Siberia, he continued the struggle. However, he failed to find reliable people, and left for the Kyrgyzs.

The modern singer Tleules Kurmangaliyev preserved the heritage of Shaltabai, and recorded one of the variants from the elder Tlektes Namazbayev. He added it to his thesis, and later included it into his performing repertoire.

The song «Menin atym Shaltabai» which exalted Shaltabai as a songwriter, allows one to not only evaluate and analyze the work of Shaltabai Alparuly, but also to review the song traditions of the whole region, which was spread throughout the foothills of the Khantengri.

The first information about the poet-composer, as well as the first records of his songs appeared in the recordings by Ilyas Zhansugurov.

Шалтабайдың әні / Шалтабайдын ани / Shaltabaidyn ani

Бұл ән өзін таныстыру немесе автопортреттік әндер тобына жатады. Мәтін сөзінің маңызды серігі құбылмалы, иірімді, икемді, декламациялық ырғақ – сазгер туындысын кәсіби ән шығармашылығындағы толысқан суреткер екенін айқындайды.

Данная песня сложена как песня – «автопортрет». Плавающий, гибкий, декламационный ритм на примере данного творения определяет композитора как живописца с богатым профессиональным песенным творчеством.

This song is composed as a self-portrait song. The floating, flexible, declamatory rhythm is an example of this creation and defines the composer as a painter capable of creative music compositions

248. Шалтабайдың әні

Шалтабай Алпарұлы
Орындаған Рауан Әбілбаев

Асықпай, соза ♩ = 110

Ме-нің а - тым Шал - та - бай, ә - кем Ал - пар,
Ө - тіп кет - ті(і)ау Та - за - бек,
қай - ран сұң - қар. Сар(ы) қы - мыз - бен ау - зым - д(ы)ау

шай - қау - ш(ы)е - дім, Бір қа - сық қа - ра су - ға бол - дым ің - көр. Ме - нің а - тым Шал - та - бай, А - сыл - дан соқ - қан бал - та - дай. Шал - та - бай - дай жал - ғыз - д(ы)ей, Кім із - деп арт - тан қай - та - д(ы)ай? Ей! Пен - де - де де пен - де бол - дым, Би - я - лай - сыз жең де бол - дым. Жас кү - нім - де көл - де бол - дым, Көл - ге мас боп, дел - бе бол - дым. Еу! Ак - сү - йск, шү - бар ба - лақ сұң - қар е - дім, Қай(ы) - ры - лып қа - на - тым - нан жер - г(с)ау қон - дым. Ей, ей, ей.

Менің атым Шалтабай, әкем Алпар,
Өтіп кетті-ау Тазабек, қайран сұңқар.

Қайырмасы:

Менің атым Шалтабай,
Асылдан соққан балтадай.
Шалтабайдай жалғызды,
Кім іздеп арттан қайтады-ай?
Пендеде де пенде болдым,
Биялайсыз жең де болдым.
Жас күнімде көл де болдым,
Көлге мас боп, делбе болдым.
Еу! Ақсүйек, шұбар балақ сұңқар едім,
Қайырылып қанатымнан жерге
қондым.

Орта Меркі, шет Меркі, Меркі, Меркі,
Кеген менен Қарқара жердің көркі.
Еріккенде құс салып жүруші едім,
Сен де аман бол, жайлаған қасқыр-
түлкі.

Қайырмасы:

Келерінде дүние,
Қызыл-жасыл маржандай.
Кетерінде дүние,
Жеті тиыннан арзан-ай.
Жоқ та болдым, бар да болдым,

Сары қымызбен аузымды шайқаушы едім,
Бір қасық қара суға болдым іңкәр.

Кең де болдым, тар да болдым.

Артта қалған ел-жұртымды

Бір көруге зар да болдым.

Еу! Қазаққа атым шыққан қыран едім,

Қайырылып қанатымнан жарға
қондым.

Қаша алмады кер бесті, майын шайнап,

Таба алмадым ақылды күні-түн ойлап.

Үш жүз жігіт қасымда шерік едің.

Ит тараншы ұстаттың қолды байлап.

Қайырмасы:

Менің атым Шалтабай,

Асылдан соққан балтадай.

Шалтабайдай жалғызды,

Кім іздеп арттан қайтады-ай?

Пендеде де пенде болдым,

Биялайсыз жең де болдым.

Жас күнім де көл де болдым.

Көлге мас боп делбе болдым.

Еу! Ақсүйек, шұбар балақ сұңқар едім,

Қайырылып қанатыман жерге қондым.

Шарғын Алғазыұлы Шарғын Алгазыұлы Shargyn Algazyly

Шарғын Алғазыұлы – Шығыс Түркістан әдебиетінің негізін салушы, ондағы қазақ поэзиясының көшбасшыларының бірі, ұлт-азаттық идеясының насихаттаушысы (мәлімет Тілеулес Құрманғалиевтің кітабының қолжазбасынан алынды). Оқу-ағарту, халыққа білім беру істерін ұйымдастыруға белсене ат салысқандардың бірі. Шарғын 1903 жылы 20– мамырда Жаркент уезі, Қожбанбет болысының, 5-ауылында, қазіргі Ұйғыр ауданы, Диірмен ауылында туған. Алғашында ауыл молдасынан сауат ашып, 1920-21 жылдары Кеңес мектебінде Додабаев Мақсұт деген мұғалімнен оқып, содан соң үш жылдық орысша мектепте білімін жалғастырған.

Облыстық атқару комитетінің мүшесі болып істеген. Шарғын өлеңдері оқырманға 30-жылдардағы қасіретті күйзелістің көркем шежіресіндей әсер береді. Халық Шарғын ақынды құтқарушыдай қабылдап, жырларынан нәр, ойларынан қуат алып отырды. Себебі, ақын өлеңдерінде тек саяси лирика ғана емес, елдік сипат та, кісілік қасиеттер де молынан сөз болатын. Ән өзегі де, жыр арқауы да – туған жері, отаны еді. Сталиндік тәсілмен қандықол Шың-Шицай да саналы, сауатты, ұлтжанды зиялы қауым өкілдерін «халық жауы», «жапон тыңшысы», «троцкийшіл» деген жаламен тұтқындап, сотсыз-сұрақсыз қыра берді. Қанішерлердің «қара құзғын» машинасы түнделетіп келіп, «қалаған» адамын салып әкете беретін. Солардың

бірі болып Шарғын да жазықсыз жалаға ұшыраған. Халықтың сұрауымен, ел ағаларының араласуымен түрмеден аман шыққан Шарғын ақын 1944 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің алғашқы жеңісінен кейін ғана қайта түлеп, бойына тың шабыт құйылып, жігері тасыды. Аудан, аймақтың оқу-ағарту ісін басқара жүріп, ұлт азаттығына деген халық арманын жырға қосты, отаршылдық езгіге, жауыздық пен зұлымдыққа қарсы ашу-ызасын өлеңмен ақтарды. Шарғын ақын Шығыс Түркістандағы қазақ әдебиетінің өркен жаюына, қалыптасып, дамуына бір кісідей еңбек сіңіре алды. Ғаламның сыр-сипатын, еркіндік пен теңдікті озық ой, сергек санамен танып өскен ол саналы ғұмырында халықтың ой-санасын оятып, ұлт азаттығына қол жеткізу жолында құлшына қызмет етті. 1953 жылы Шарғын Алғазыұлы Үрімжіде өткен әдебиетшілер мен өнер қайраткерлерінің өлкелік тұңғыш жиналысына қатысып, «жаңа әдебиет» жасаушылар мен қалыптастырушылардың қатарына қосылды. Ал 1957 жылы ҚХР Жазушылар одағының Шыңжаң бөлімшесінің басқарма мүшелерінің бірі болды. Талантты ақын, белгілі ағартушы, күрескер Шарғын Алғазыұлы 1988 жылы Алматы облысының Райымбек ауданындағы Қожбанбет ауылында дүниеден өтті. Саналы өмірін ұлттың азаттығына, қазақтың өлең өнеріне арнап кеткен ақынның артында мол мұра қалды. Жазбаларының біразы Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының қолжазба қорында сақтаулы. Шарғын Алғазыұлының шығармашылығы – ХХ ғасырдағы шетелдегі қазақ өмірінің өнердегі айнасы, қилы тарихымыздың көркем сипаттамасы.

Шарғын Алғазыұлы – основатель литературы Восточного Туркестана, один из лидеров казахской поэзии, создатель флага национально-освободительной идеи, один из тех, кто принимал активное участие в организации просвещения и народного образования (сведения взяты из рукописи книги Тлеулеса Курмангалиева). Шарғын родился 20 мая 1903 г. в Жаркентском уезде, село номер «5» Кожбанбетской волости, ныне село Диирмен Уйгурского района. Начав свое образование у аульного муллы, Шарғын в 1920–21 годы учился в советской школе у Додабаева Максута, затем учился в трехгодичной русской школе. Позже, становится членом областного исполнительного комитета. Песни Шарғына для его слушателей – художественная летопись трагедии 1930-х годов. Народ воспринимал акына как спасителя, а от его песен и мыслей получал заряд энергии, так как в стихах поэта присутствуют не только политическая лирика, но и народная, общечеловеческая тематика. Смыслом и содержанием его песен всегда были родная земля, родина. Шин-Шицай по сталинскому методу, без суда и следствия, стал истреблять образованных, интеллигентных граждан, патриотов своей нации, обвинив их «врагами народа», «японскими шпионами», «троцкистами». Машины этих душегубов ездили по ночам и забирали всех, кого пожелают. Одной из таких жертв оказался Шарғын... По просьбе народа, по вмешательству братьев и сестер, он был освобожден из тюремного заключения, но восстановил силы и окреп лишь после первой победы национально-освободительного восстания 1944 г. Управляя учебно-просветительской деятельностью региона, мечту о свободе своего народа воспевал в своих жырах, песни его были полны возмущения против колониального гнета, содержали строки о добре и зле. Шарғын как поэт сумел внести свой вклад в становление и развитие казахской литературы Восточного Туркестана. Познав тайны бытия, вкус свободы и равенства он всегда стремился разбудить умы простого

люда, добиться независимости своего народа. В 1953 г. Шаргын Алгазыулы принял участие в первом собрании литературоведов и деятелей искусства, проходившем в Урумчи, и вошел в число основателей «новой литературы». В 1957 г. становится одним из членов правления Синьцзянского отделения Союза писателей КНР. Талантливый поэт, известный просветитель, борец Шаргын Алгазыулы умер в 1988 г. в селе Кожбанбет Райымбекского района Алматинской области. Акын, сознательная жизнь которого была посвящена песенному искусству и идее независимости своего народа, оставил после себя богатое наследие. Некоторые из его записей хранятся в рукописном фонде Казахской Национальной академии наук. Творчество Шаргын Алгазыулы представляет собой зеркало жизни казахской диаспоры XX века за рубежом, а так же художественное описание истории нашего народа.

Chargin Algazyly (information taken from the book manuscript of Tleules Kurmangaliyev).

Shargyn Algazyuly was the founder of the East Turkestan literature, one of the leaders of Kazakh poetry, the creator of the philosophy of the national liberation, a man who took an active part in the organization of public education. Shargyn was born on May 20, 1903 in Zharkent district, village number 5 of Kozhbanbet volost. Having begun his education with an aul Mullah, Shargyn studied in 1920-21 at the Soviet school under Dodabayev Maksut, then studied at a three-year Russian school. Later, he became a member of the regional Executive Committee. Shargyn's songs, for his listeners, are an artistic chronicle of the famine of the 1930s. People perceived the akyn as a savior, and were energized and encouraged by his songs and ideas. So, as in the poems of the poet there are not only political lyrics, but also folk stories and universal themes. The meaning and content of his songs have always been about his homeland. Shin-Shitsai, a committed Stalinist, kidnapped people and without trial, began to exterminate educated, intelligent citizens, patriots of the nation, having branded them as «enemies of the people», «Japanese spies», «Trotskyists». Cars of these murderers went at night and snatched everyone they disagreed with. One of these victims was Shargyn... At the request of the people, through the intervention of brothers and sisters, he was released from prison, but didn't regain his strength until after the first victory of the national liberation uprising of 1944. Managing the educational activities of the region, he sang songs about his people's dreams of freedom, his songs which were full of indignation about colonial oppression, contained lines about good and evil. Shargyn as a poet was able to contribute to the formation and development of the Kazakh literature of the East Turkestan. Having learned the secrets of life, the taste of freedom and equality, he always sought to awaken the minds of the common people, to achieve the independence of his people. In 1953, Shargyn Algazyuly took part in the first meeting of literary critics and artists, held in Urumchi, and became one of the founders of the «new literature». In 1957, he became one of the Board members of the Xinjiang branch of the writers ' Union of China. Talented poet, famous educator, wrestler, Shargyn Algazyuly died in 1988 in the village of Kozhbanbet Raiymbek district of Almaty region. The Akyn, whose life was devoted to the art of song and the idea of the independence of his people left behind a rich legacy. Some of his records are kept in the manuscript found in the Kazakh National Academy of Sciences. Creativity Shargyn Algazyuly and are a mirror of the life of the Kazakh diaspora of the twentieth century, as well as an artistic description of Kazakh history.

Балаларыма / Балаларыма / Balalaryma

Бұл әнінде автор өзінің ән-мұрасын «балаларыма қалдырған аманатым» деген сияқты. Ән мәтінінің мазмұнына қарағанда, өмірінің соңына қарай туындаған шығарма. Ән табиғаты желдірмеге келеді.

Данную песню автор оставил детям в качестве аманат (наследия). Из содержания текста становится ясно, что песня была написана автором к концу его жизни. Природа песни подходит к речитативному жанру – жельдирме.

This song the composer left for his children, an Amanat (something very precious left by the owner for someone else). According to the content of the lyrics, it becomes clear that the song was written by the author towards the end of his life. The nature of the song fits the genre of recitative – «zheldirme».

249. Балаларыма

Шарғын Алғазыұлы
Орындаған Тілеулес Құрманғалиев

Шалқыта $\text{♩} = 76$



Ме - ке - нім Ши - бұт, Қош - қар, Қа - ра - са - зым,
Ұ - шырған не - ше(с)а - лу - ан да - уыл - па - зын.
Ұр - па - ғым ке - йін қал - ған ай - та жүр - сін,
Бір кү - ні қа - за же - тіп
бол - сам жа - зым, Үй - үй - үй - үй, үй - үй - үй - үй,
О - хо - оу, ә - ри - дә, дә - ди - дә - дәй.
Ей, ай - дай - дай, ә - ри - дә, дә - ди - дә - дәй.

Мекенім Шибүт, Қошқар, Қарасазым,
Ұшырған неше алуан дауылпазын.
Ұрпағым кейін қалған айта жүрсін,
Бір күні қаза жетіп, болсам жазым.
Мінгенім дәйім менің Кербалағым,
Үніне ән қосамын кең даламның.
Сайрандап Шәлкөдені жүрсем-дағы,
Бір күні топырақ боп мен қалармын.

Бітеді көл жағалай көкше шалғын,
Әнімді өлеңіме өлшеп алғын.
Ұрпағым кейін қалған айта жүрсін,
Бір күні қаза жетіп, өлсе Шарғын.



«Халық университеті» мәжілісінен кейін: К.Әзірбаев әдебиет және өнер
қайраткерлерімен (1970)

После заседания «Нар. университета»: К.Азербает и другие деятели литературы
и искусства (1970)

After the meeting of the «People's University»: K.Azerbaev and other figures of
literature and art (1970)

СЫР ӨҢІРІНІҢ САРЫНДАРЫ МОТИВЫ СЫРДАРЬИ MOTIFS OF SYRDARIYA

Сыр өңірінде жыр өнері кең өріс алғанмен, халық әндері кең құлаш жая қоймаған. Оның үстіне халық әндері жыр дәстүрімен сабақтаса дамыған. Олардың қатарында, «Бегілер-ай», «Долана», «Бозбала», «Сәулем-ай», «Жамал-ай», «Шайгүл», «Замандас» сияқты әндерді атауға болады.

Сыр өңірінің кәсіби халық композиторларының ішінде, маңдайы жарқырап көрінген дарабоз әнші – Нартай Бекежановтың шығармашылығы ерекше аталады. Оның осыған дейін жарық көрген, ел құлағына таныс әншілігі мен әндерін айтпағанда «Базарым тарқап барады», «Мен кімін?» туындылары осындай ән өнері майталмандарының шығармашылық құрамын жасақтаған таңдаулы тізімде алғаш рет қалың көпшілікке ұсынылып отыр. Одан бөлек, Есенбек Басалқаұлының, Ешнияз салдың, Рүстембек жыраудың, Тұрымбет Салқынбайұлының, Әбділдә Жүргенбаевтың, Мұзарап Жүсіповтың әндері қамтылды.

Несмотря на то, что в Сырдарье широко развито эпическое искусство (жыр), народные песни представлены не так богато. Вместе с тем, они развивались в тесной взаимосвязи с традициями жыра. К ним следует отнести такие песни, как «Бегилер-ай», «Долана», «Бозбала», «Саулем-ай», «Жамал-ай», «Шайгуль», «Замандас».

Среди устно-профессиональных композиторов данного региона следует особо обозначить представляющее наиболее ярким творчество Нартая Бекежанова. Даже если не учитывать уже опубликованных и распространенных в народе песен, его произведения «Базарым тарқап барады», «Мен кімін?» впервые представлены широкой массе в контексте образцов, избранных из созданных мастерами песенного искусства. Кроме того, показаны и песни Есенбека Басалқаулы, Ешнияз сала, Рүстембека жырау, Турымбета Салқынбайұлы, Абдильда Жүргенбаева, Музарапа Жүсіпова.

Despite the fact that in Syr Darya area, the epic art (zhyr) is widely developed, folk songs are not so richly represented. At the same time, they developed in close interconnection with zhyr traditions. These include songs such as «Begiler-ai», «Dolana», «Bozbala», «Maulem-ai», «Zhamal-ai», «Shaigul», «Zamandas».

Among the oral-professional composers of this region, the most bright works of Nartay Bekezhanov should be highlighted. Even if we do not take into account the songs already published and spread among the people, his works «Bazarym tarkap barady», «Men kimmin?» are first presented to a wide publicity in the context of the patterns selected from the works which were created by the masters of the song art. In addition, songs by Esenbek Basalkauuly, Yeshniyaz sal, Rustepbek zhyrau, Turymbet Salkynbayuly, Ebdilda Zhurgenbayev, Muzarap Zhusipov are also presented.

Бегілер-ай / Бегилер-ай / Begiler-ai

Бұл әннің тарихы Кеңес үкіметінен бұрын болған деген болжам бар. Әнді Әбжаппар Әбдрахманов (1979-1900) пен оның әйелі Ұлболған (1987-1906) қосылып айтқан. Ән оқиғасы екеуінің басынан өткенімен, өздері шығарманы «халық әні» деп орындаған. Ән мазмұны төмендегідей:

«Бір жиында қыз бен жігіт біріне-бірі сөзбен тиісіп отырады. Қыз бойжетіп, оң босағада отырған, қалың малы төленіп қойған біреудің қалыңдығы екен. Өзінің ақындығы бар көрінеді. Тіпті, сөзбен бастырмалатып бара жатқан соң, аяғы айтысқа ұласады. Бірақ, жігіт: «Егер, мен жеңсем сені алып қашамын» - деп, шарт қояды. Оған сасатын қыз жоқ. «Жеңсең ала ғой» деп ол тұр. Сонымен, айтыс біразға созылып, ақыры жігіт қызды жеңіп, бағанағы уәде бойынша алып қашады. «Уәде құдай сөзі» деген. Қыз көніп кете барады. Қыздың артынан қалыңмал төлеген жұрт шулап қала береді. Мұның соңы үлкен дауға ұласады. Ақыры, жігіт ағайын-туыс, ауыл-аймағынан қалыңмалды жинап, қызға бұрынырақ құда түскен жаққа ат-шапан айыбымен төлеп құтылады. Олар да малын алып, жоғы түгелденіп, кеткен қызды қайтып алып келе алмайтындарын түсінген соң, көңілдері орнына түсіп, тынышталады. Ағайын арасы мәмілеге келіп, татуласады. Ал, жұптасқан екеу бір айтыстың арқасында бас қосып, өле-өлгенше екі дауыста қосыла ән шырқап, той-томалақтың, жиынның дуы болып, шалқып ғұмыр кешіп, бірге қартайады. Ел аузындағы жақсы әндердің бірталайы осы кісілер арқылы жеткен.

История этой песни восходит к досоветскому периоду. Была исполнена совместно Абжаппаром Абдрахмановым (1900-1979) и его супругой Улболсын (1906-1987). События коснулись их обоих непосредственно. Однако при исполнении песня была представлена ими как народная. События разворачивались так.

На одном из мероприятий девушка с жигитом в словах поддевали друг-друга. Девушка была на выданьи, более того, за нее как за невесту уже был выплачен калым. Кроме того, она обладала музыкально-поэтическим дарованием. То, что началось как словесная перепалка в итоге переросло в айтыс. Однако, жигит ставит следующее условие: «Если я выиграю, то украду тебя». Девушка, вовсе не растерявшись, ответила согласием. Таким образом айтыс затянулся и закончился победой молодого человека, а далее, по уговору, и кражей чужой невесты. «Обещание – слово бога»: девушка не нарушила его. Сторона, выплатившая калым, предъявляет свои претензии, что приводит к большим разногласиям. В итоге, с помощью родственников и близких укравший девушку жигит откупается от стороны бывших сватов, которые, получив обратно калым и поняв, что не смогут вернуть девушку, приходят в себя и все-таки успокаиваются. А после вовсе устанавливаются хорошие взаимоотношения. Те же, что нашли друг-друга благодаря состязанию (айтысу), до конца своих дней, объединив голоса, своим пением украшали различные празднества и долгие годы жили счастливо. Большое количество хороших песен дошло до нас благодаря им.

The history of this song dates back to the pre-Soviet period. It was performed jointly by Abzhappar Abdrakhmanov (1900-1979) and his wife Ulbolsyn (1906-1987). The events directly related both of them. However, when they sang the song, they presented it as a folk song. The events were as follows.

At one of the events, the girl and jigit were kidding each other. The girl was of marriageable age, moreover, a kalym was already paid for her, as a bride. In addition, she possessed musical and poetic talent. The verbal rethoric eventually grew into aitys. However, the jigit put the following condition: «If I win, I will steal you». The girl was not confused and agreed. Thus, the aitys dragged on and ended with the victory of the young man, and then, as agreed, with the theft of someone else's bride. «A promise is the word of God»: the girl did not break it. The party that paid

the kalym made claims, which lead to a great disagreement. As a result, with the help of relatives and friends, the guy who stole the girl buys off from the former matchmakers, who, received the kalym back and realizing that they will not be able to return the girl, calm down. Finally, they established good relationships. Those people who found each other through a contest (aitys), until the end of their days, uniting their voices, decorated various festivals with their singing and lived happily for many years. A lot of good songs reached nowadays thanks to them.

250. Бегілер-ай

Халық әні
Орындаған Ақмарал Ноғайбаева

Асықпай, мұңды ♩ = 76

mf



Су а - ла - мын құ - дық - тан, ай,
құ - лап тұ - рып, Ақ о - ра - мал ой - нау - ш(ы)ек, оу,
бег(і) - лер - ай, ы - лақ - ты - рып - ай.
Ау - лың а - лыс кет - кен - де, ой,
ка - ра - ғым - ай, Қол ұс - та - сып ай - рыл - дык,
ой, бег(і) - лер - ай, жы - лап тұ - рып - ай.

Су аламын құдықтан құлап тұрып,
Ақ орамал ойнаушы едік лақтырып.
Ауылың алыс кеткенде, қарағым-ай,
Қол ұстасып айырылдык жылап тұрып.

Қызыл жібек, ақ жібек атқа салдым,
Атыңды атап, қарағым, хатқа салдым.
Сен есіме түскенде, қайран елім,
Бір шыбындай жанымды отқа салдым.

Бозбала / Бозбала / Vozbala

Бұл ән Сыр бойындағы жыраулар арқылы жеткен. Шығарушы авторы – Жиенбай жырау. Оны ең бірінші ата-бабасынан жыраулық өнерді алып келе жатқан Ешнияз, Жүсіп, Мұзарап, Сабыт сияқты өнерпаздар орындаған. Жиын тойда халықты жалықтырып алмас үшін серпілтіп бір күлдіріп алу үшін кейде жыраулар осындай күлкі үшін айтылатын, жеңіл әндерді де шығарған. Кейіннен мұның көбі халық әндері болып ел арасына сіңіп кеткен.

Эта песня дошла до наших дней от жырау региона Сыр. Распространена как народная песня, но есть точка зрения, что ее автор – жырау Жиенбай. Эту песню исполняли такие владеющие древним искусством жырау-музыканты, как Ешнияз, Жусип, Музарап, Сабыт. Позднее – Рустембек жырау, Балхашбай Жусипов, Бидас Рустембеков, Берик Жусипов – сохранили ее для нашего времени. Такого рода «легкие» песни на больших празднествах создавались и могли быть исполнены жырау для «разрядки» слушательской аудитории. Впоследствии, большинство таких песен распространилось как народные.


This song was transferred by the zhyrau of the Syr region. It is widespread as a folk song, but there is a point of view that its author is zhyrau Jienbai. This song was performed by musicians who mastered the ancient art of zhyrau such as Yeshniyaz, Zhusip, Muzarap, Sabyt. Later - Rustembek zhyrau, Balkhashbai Zhusipov, Bidas Rustembekov, Berik Zhusipov - preserved it for our time. Such «light» songs were created at large festivals and zhyrau sang them aimed to «entertain» the audience. Later, most of these songs spread like folk songs.

251. Бозбала

Халық әні
Орындаған Руслан Ахметов

Жүрдек, шалқыта ♩ = 116

Көп ба-рам деп ау(ы)-лы - на бұ-рым - ды - ның - ай,
Мә-лім бо-лып қал - ды ма сы-рым бұ - гін - ай? Қыз - дар - ай,
боз - ба-л(а)ай, Кем - пір - ай, шал - дар - ай,
Дәу-рен бол-д(ы)ау та - ма - ша. А - уы - лың - ның сыр - ты - нан
ән сал - ған - да - ай, Жел-кіл - дей-ді, жан қал - қа,



ту - ыр - лы - ғың - ай, Қыз - дар - ай, боз - ба - л(а)ай, Кем - пір - ай, шал - дар - ай,



Дәу - рен бол - д(ы)ау та - ма - ша. Құр - мет - теп хал - қым



о - тыр - са, Ән са - ла - йын жа - ңа - ша

Көп барам деп ауылына бұрымдының,
Мәлім болып қалды ма сырым бүгін?
Қыздар-ай, бозбала-ай,
Кемпір-ай, шалдар-ай,
Дәурен болды-ау тамаша.

Ауылыңның сыртынан ән салғанда,
Желкілдейді, жан қалқа, туырлығың.
Қыздар-ай, бозбала-ай,
Кемпір-ай, шалдар-ай,
Дәурен болды-ау тамаша.

Құрметтеп халқым отырса,
Ән салайын жаңаша.
Қыз көргенде орнымда тұра алмаймын,
Жын қаққандай желіге жыр арнаймын.
Қыздар-ай, бозбала-ай,
Кемпір-ай, шалдар-ай,
Дәурен болды-ау тамаша.
Қутын, қутын еткенше Құдай атып,

Қырда жатқан бұлдырап қырандаймын.
Қыздар-ай, бозбала-ай,
Кемпір-ай, шалдар-ай,
Дәурен болды-ау тамаша.
Құрметтеп халқым отырса,
Ән салайын жаңаша.

Бір бұрылып ұсынса шәйін маған,
Болса және бір сыр айт дайындаған.
Қыздар-ай, бозбала-ай,
Кемпір-ай, шалдар-ай,
Дәурен болды-ау тамаша.

Мен тұсынан ауылыңның ән салғанда,
Жолығудың айтсаңшы жайын маған.
Қыздар-ай, бозбала-ай,
Кемпір-ай, шалдар-ай,
Дәурен болды-ау тамаша.
Құрметтеп халқым отырса,
Ән салайын жаңаша.



Бидас Рүстембеков
Бидас Рүстембеков
Bidas Rustembekov

Долана / Долана / Dolana

«Долана» – Сыр бойында шыққан ән. Авторы белгісіз. Тұрсынғұл Баяханова арқылы жеткен. Ел арасында халық әні болып айтылып жүр. Шығу кезеңі – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» (қазақ халқының тарихындағы ұлы қасірет) уақыты.

Әнде қыз бала құдайға ішіндегі мұң-шерін айта отырып, назаланады. Өзінің жат жұртқа барғандағы болашағы қалай боларынан қауіп ойлап, алаңдау күйі сезіледі. «Қыз болмай, ұл болып туғанда өз елімде алшаң басып жүрер едім» дегендей сөздермен өз жұртына қимастығын білдіреді.

«Долана» – песня, рожденная в регионе Сыр. Ее автор неизвестен. Дошла через Турсингуль Баяханову. Распространилась как народная. Время создания – период «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», трагической страницы в истории казахского народа, связанной с массовой откочевкой из родных мест из-за набегов калмыков. В песне девушка со своими переживаниями обращается к богу: она испытывает понятные опасения о будущем среди чужого народа. Ее чувства раскрываются и через сожаления о том, что родилась девушкой, а не парнем, чтобы «смело ходить» (значит и защищать) на своей родной земле.

«Dolana» is a song born in the Syr region. Its author is unknown. Tursingul Bayakhanova transmitted it. It spread as a folk song. The time of creation is the period of «Aktaban shybyryndy, Alkakol sulama», a tragic page in the history of the Kazakh people associated with the mass migration of the Kazakh people from their native places due to raids by Kalmyks. In the song, the girl with her feelings appeals to God: she felt understandable fears about the future life among strangers. Her feelings are revealed through regrets that she was born a girl, but not a guy, to be brave and walk (and protect) on her native land.

252. Долана

Халық әні
Орындаған Ұлжан Байбосынова

Жүрдек, зарлы $\text{♩} = 110$

Қыз-ды, Құ-дай, не - сі - не жа - ра - та - сын - ей,
Әл - пеш - те - ген бі - реу-дің ақ бо - та - сын - ей,

Әл - де - кім-нің ко - лы-на қа-ра-та - сын, до - ла - н(а)ей.
Әл - де - кім-нің ко - лы-на қа-ра-та - сын, до - ла - н(а)ей.

Е - сік-тің ал-ды до - ла - н(а)ей, До-ла - н(а)й - га жо - ла - м(а)ей.

Қан - ша жақ-с(ы)ей бол - ган-мен, Өз е - лің - дей бо - ла м(а)ей?

Қызды, Құдай, несіне жаратасың,
 Әлдекімнің қолына қаратасың, долана.
 Әлпештеген біреудің ақ ботасын,
 Әлдекімнің қолына қаратасың, долана.
 Қайырмасы:

Есіктің алды долана,
 Доланаға жолама.
 Қанша жақсы болғанмен,
 Өз еліңдей бола ма?
 Қызды, Құдай, жараттың мұңлы қылып,

Ақ боз үйге жарасқан көңілі құрық, долана.
 Қызы болмай әкемнің, ұлы болсам,
 Жүрер едім елімде билік құрып, долана.
 Қайырмасы:

Жамал-ай / Жамал-ай / Zhamal-ai

«Жамал-ай» әнінде де көптеген халық әндеріндегідей махаббат сезімі айтылады. Ән мәтініне қарағанда, өнерпаз, сері жігіттің ынтық болған ғашығының аты – Жамал. Жамалға қолы жетпей, дәуренінің босқа өтіп бара жатқаны жанын аяздай қарыған жігіт өзінің жай-күйін әнге қосады.

В песне «Жамал-ай» так же, как и во многих народных сочинениях, описаны любовные чувства. Судя по тексту, Жамал – имя возлюбленной одаренного джигита-серэ. Он поет о своем внутреннем (оцепенелом) состоянии, связанном с пониманием того, что Жамал для него не достижима, и лучшая пора его жизни «уходит».

In the song «Jamal-ai», as well as in many folk compositions, love feelings are described. Judging by the text, Jamal is the name of the beloved of a gifted jigit-seri. He sings about his inner (benumb) state, connected with the understanding that Jamal is not achievable for him and the best time of his life is «leaving.»

253. Жамал-ай

Халық әні
 Орындаған Ақмарал Ноғайбаева

Асықпай, кең үнмен $\text{♩} = 82$

Ақ көй - лек - тің е - те - гін - ау
 ал - тын - да - ған, Ақ жам - бы - дай ақ жү - зің
 жар - қыл - да - ған, Жа - мал - ау, Ға - шық е - дім са - ған - ау,